ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ БАНКТЕР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА

2026 жылғы 3-тоқсан

Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама
2026 жылғы 3-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

2026 жылдың 3-тоқсанында кәсіпкерлік субъектілері тарапынан несиеге сұраныс артқан. Бұл негізінен ірі және орта бизнес тарапынан сұраныстың өсуіне байланысты болды. Ал шағын және микрокәсіпкерлік субъектілерінің кредиттік белсенділігі алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды (1-сурет).

Ірі бизнес сегментінде бірқатар банктер сұраныстың өсуін ірі стратегиялық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша келіп түскен өтінімдермен байланыстырады. Олардың қатарында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» (ЭКСЖ) ұлттық жобасы шеңберіндегі, сондай-ақ жол және теміржол инфрақұрылымы, коммуналдық шаруашылық және өңірлік даму салаларындағы жобалар бар. ЭКСЖ бағдарламасы аясында қаржыландыруды кеңейту мақсатында банк қауымдастығы, Үкімет және қаржы реттеушілері ықтимал кедергілерді анықтау және жою, сондай-ақ кредиттеу шарттарын жақсартуға және қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруға бағытталған шешімдер әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде. Банктер қазақстандық банктердің қатысуымен стратегиялық жобаларды синдикатталған қаржыландыру мүмкіндіктерін, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкімен бірлесіп жобаларды қайта қаржыландыру және қоса қаржыландыру мәмілелерін белсенді пысықтауда. Дегенмен банктердің көпшілігінде ірі бизнес тарапынан сұраныс негізінен айналым қаражатын толықтыруға бағытталды, ал инвестициялық қаржыландыруға сұраныс жекелеген ірі қарыз алушылар тарапынан қалыптасты. Бір ірі банкте өтінімдер саны мен олардың орташа сомасының өсуі бірқатар басқа банктерде өтінімдер санының төмендеуімен өтелді. Нәтижесінде ірі бизнес тарапынан түскен кредиттік өтінімдердің саны айтарлықтай өзгермей, тоқсаннан тоқсанға (т/т) 3%-ға төмендеп, 229 өтінімді құрады. Ал өтінімдердің орташа сомасы негізінен жекелеген ірі жобалар есебінен 82%-ға (т/т) едәуір өсіп, 20,9 млрд теңгеге жетті.

Орта бизнес сегментінде сұраныстың біршама артуы негізінен ШОБ секторын қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде «Өрлеу» және «Өндіріс» қорландыру бағдарламалары, сондай-ақ «Іскер аймақ» субсидиялау бағдарламасы бойынша қаражаттың орналастырылуына байланысты болды. Банктер ауыл шаруашылығы секторын қаржыландыру үшін Аграрлық несие корпорациясының қаражатын белсенді игеруді, сондай-ақ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бағдарламасы шеңберінде кепілдік қолдауын пайдалануды жалғастырды. Жалпы, орта бизнес субъектілерінен келіп түскен кредиттік өтінімдердің саны 2%-ға (т/т) шамалы өсіп, 5,4 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа сомасы 23%-ға (т/т) ұлғайып, 1,1 млрд теңгеге жетті.

Шағын және микрокәсіпкерлік сегментінде сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды. Бұл ретте бірқатар банктер салық заңнамасындағы өзгерістер мен тұтынушылық сұраныстың біршама әлсіреуі әсерінен сұраныстың төмендегенін атап өтті. Сонымен қатар банктер цифрлық өнімдерін жетілдіруді, оның ішінде мемлекеттік қолдау бағдарламаларын цифрлық сервистерге интеграциялауды және скоринг модельдерін жақсартуды жалғастырды. Бір банкте кредиттік өнім бойынша лимит ұлғайтылып, маркетингтік науқандар жүргізілді, ал басқа бір ірі банкте жеке кәсіпкерлерге арналған жаңа кепілді кредиттік өнім сынақтан өткізілуде. Шағын бизнес бойынша кредиттік өтінімдердің жалпы саны 5%-ға (т/т) шамалы төмендеп, 856 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа сомасы 7%-ға (т/т) өсіп, 24,4 млн теңгеге жетті.

Бизнестің барлық сегменттерінде өтінімдерді мақұлдау коэффициенттері шамалы өзгерді. Ірі және орта бизнес бойынша мақұлданған өтінімдердің үлесі 2 п.п.-ға төмендеп, тиісінше 64% және 37%-ды құрады, ал шағын бизнес сегментінде бұл көрсеткіш 1 п.п.-ға төмендеп, 32%-ды құрады.

2026 жылдың 3-тоқсанында базалық мөлшерлеменің төмендеуіне байланысты корпоративтік секторды кредиттеу шарттары жалпы алғанда жеңілдеді (2-сурет). Банктер 2026 жылдың 4-тоқсанында кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныстың біршама артуын күтеді (1-сурет). Бұған, оның ішінде жыл соңындағы іскерлік белсенділіктің маусымдық өсуі және келесі тоқсанда қаржыландыру құнының одан әрі төмендеуіне қатысты күтулер ықпал етеді (2-сурет).

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2026 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша ипотекалық қарыздарға, автонесиелерге және кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныс өткен тоқсанмен салыстырғанда төмендеді. Сонымен бірге кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныс біршама өсті.

Ипотекалық қарыздарға сұраныстың төмендеуі ірі банктегі мемлекеттік бағдарлама бойынша қаржыландырудың уақытша тоқтатылуына байланысты болды (5-сурет). Банктердің бағалауынша, әлеуетті қарыз алушылардың бір бөлігі нарықтағы шарттарының сақталуы аясында тұрғын үй сатып алуды кейінге қалдырды. Есептік тоқсанда ипотекалық қарыздарға өтінімдердің жалпы саны 19%-ға өсіп (т/т), 271 мыңды құрады, ал олардың орташа мөлшері 6%-ға өсіп, 22,7 млн теңгеге жетті. Өтінімдер санының өсуі негізінен жинақтаушы ипотекалық бағдарламаны іске қосу және өз ипотекалық несиелеу бағдарламаларын қайта жандандыру нәтижесінде сұраныстың өсуін атап өткен жекелеген орта банктердің есебінен болды.

Есептік тоқсанда кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныс айтарлықтай төмендеді (5-сурет). Банктердің пікірінше, төмендеу реттеуші талаптардың сақталуы және қаржыландыру құнының әсері, сондай-ақ клиенттердің қалауының өзгеруі және әртүрлі несиелік өнімдер арасында сұраныстың қайта бөлінуі аясында болды. Мәселен, ірі банк кепілсіз өнімнің кредиттік лимиті бойынша шарттардың жақсаруына байланысты клиенттердің бір бөлігінің кепілсіз қарыздар сегментіне көшуін, ал орташа банк өз сатылымдарын ипотекалық несиелендіруге қайта бағыттауды атап өтеді. Нәтижесінде, есепті тоқсанда өтінімдер саны 11%-ға (т/т) төмендеп, 76 мыңға дейін, ал өтінімдердің орташа мөлшері 18%-ға өсіп, 14,4 млн теңгеге дейін жетті.

Кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныстың шамалы өсуі маусымдық клиенттердің белсенділігі мен жеке банктердің маркетингтік жұмыстарына байланысты болды (5-сурет). Бір орташа банкте сұраныстың өсуіне онлайн өтінімдерді қабылдаудың қайта басталуы ықпал етті. Осылайша, өтінімдер саны 3%-ға (т/т) өсіп, 16,4 млн-ға жетті, ал олардың орташа несие мөлшері 1%-ға төмендеп, 1 055 мың теңгені құрады.

Автонесиеге сұраныстың шамалы төмендеуі кейбір орта банктердің белсенділігінің бәсеңдеуімен қатар байқалды (5-сурет). Атап айтқанда, банктер ынтымақтастық шарттарын қайта қарауға байланысты жекелеген серіктестер арқылы өтінімдер қабылдаудың уақытша тоқтатылғанын, сондай-ақ тәуекелге бейімділіктің төмендеуіне байланысты кредит беру көлемінің шектелгенін атап өтті. Ірі банктердің бірі клиенттердің төлем қабілеттілігі мен бәсекелестіктің күшеюі сұраныстың төмендеуіне әсер еткенін атап өтті. Дегенмен

өтінімдердің жалпы саны 10% (т/т) өсіп, 1,6 млн-ға жетті, ал олардың орташа мөлшері 2%-ға артып, 7,2 млн теңге болды. Өтінімдер санының артуы жекелеген орта банктердің жаңа автодилермен ынтымақтастығын кеңейтуімен байланысты болды.

2026 жылдың 3-тоқсанында ипотекалық несие беру шарттарында түзетім байқалды (6-сурет). Атап айтқанда, бір ірі банк жалақы жобасының қатысушысы болып табылмайтын клиенттер үшін сыйақы мөлшерлемелерін көтерді, ал басқа ірі банк ипотекалық кредит беру шеңберінде жөндеу жұмыстарына бағытталатын қаражаттың үлесін қарыздың жалпы сомасының 20%-на дейін шектеді. Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша жекелеген орта банктің сыйақы мөлшерлемелерін шамалы көтеруі есебінен кредиттеу талаптарының аздап қатаңдағаны байқалды (6-сурет). Кепілсіз тұтынушылық қарыздар мен автонесиелер бойынша несие беру шарттары жалпы өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар ірі және орташа банктер автонесиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендетті (9-сурет).

Ипотекалық қарыздар бойынша мақұлдау коэффициенті 4 п.п.-ға (т/т) төмендеп, 29%-ға дейін жетті. Жекелеген банктер мұны клиенттерді тарту арналарын кеңейту нәтижесінде клиенттер ағынының ұлғаюымен, оның ішінде кредит қабілеті шектеулі клиенттердің келуімен байланыстырады. Кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша мақұлдау коэффициенті 4 п.п.-ға (т/т) төмендеп, 27%-ға дейін жетті. Орта банктердің бірі сұраныстың төмендеуін төлем қабілеті жоғары клиенттердің басқа кредиттік өнімдерге ауысуымен және қарыз алушылардың кредит қабілетін бағалау талаптарының қатаңдауымен байланыстырады. Тағы бір банк клиенттер ағынының ұлғаюына байланысты мақұлданған өтінімдердің үлесі төмендегенін атап өтті. Автонесиелер бойынша мақұлдау коэффициенті өзгеріссіз қалып, 18%-ды құрады. Кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша мақұлдау коэффициенті 2 п.п.-ға (т/т) аздап төмендеп, 31%-ды құрады. Бір ірі банк бұл төмендеуді сұраныстың қымбатырақ бөліп төлеуге негізделген өнімдерге ауысуымен байланыстырады. Мұндай тауарларды бөліп төлеуге өтінім берген клиенттердің бір бөлігі төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

2026 жылдың 4-тоқсанында банктер ипотекалық қарыздарға сұраныстың айтарлықтай артуын күтеді. Бұған ірі банктің мемлекеттік бағдарлама аясында қаржыландыруды қайта бастауы, банктердің құрылыс салушылармен ынтымақтастығын кеңейтуі және жекелеген орта банктердің әріптестік ипотекалық бағдарламаларды дамытуы ықпал етеді (5-сурет). Кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныстың шамалы өсуі күтіледі. Бұған ірі банкте комиссиялар мен сыйақы мөлшерлемелерін төмендету жоспарлары, сондай-ақ жекелеген орта банктерде маркетингтік іс-шаралардың жалғасуы

ықпал етеді. Бұл ретте клиенттердің басқа кредиттік өнімдерге ауысуы аясында кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныстың одан әрі төмендеуі күтіледі. Ал автонесиеге сұраныс жалпы алғанда бұрынғы деңгейде сақталады деп болжанады (5-сурет).

Келесі тоқсанда банктер ипотекалық, кепілмен қамтамасыз етілген және кепілсіз тұтынушылық қарыздарды беру шарттарына елеулі өзгерістер енгізуді жоспарламайды (6-сурет). Ал автонесиелеу сегментінде жекелеген орта банктің қарыз алушының тәуекел деңгейін ескере отырып, жеке сыйақы мөлшерлемелерін енгізуі, сондай-ақ басқа орта банктердің сыйақы мөлшерлемелерін төмендетіп, оларды бастапқы жарна мөлшеріне қарай саралауды жоспарлауы есебінен кредиттеу шарттарының шамалы жеңілдеуі күтіледі (9-сурет).

Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.


Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.

1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы



(а) №1сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?
(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.


2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары



(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.


Таза процент өзгерісі

3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары



(а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері




(а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?
(б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы



(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.


6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.


8-сурет. Тұтыну кредитін беру шарттары

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
(б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
(в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.